



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Баршақұм ауылы

№ 68/1

« 7 » қараша 2024 жыл.

Мектепте Қамқоршылық кеңесін құру туралы.

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 44 бабының 9 тармағын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептегі «Қамқоршылық кеңесі» жаңа құрамы төмендегі мүшелермен толықтырылсын:

Қамқоршылық кеңесі төрағасы:

Мейрман Айтмұрза Машырықұлы – жеке кәсіпкер

Хатшысы: Мейрман Тәттігүл Машырыққызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мүшелері:

Амантурлина Жанат Бітімбайқызы – кітапханашы.

Жанболат Мәмбетнияз Жанболатұлы – жеке кәсіпкер

Дауылбаева Гулнур Кожалиевна – медбике

Ебжасаров Тимур Насрадинович – Байғанин аудан ПБ-нің учаскелік инспекторы

Тажибаев Қайырғали – зейнеткер ұстаз

Мейрман Айтмұрза Машырықұлы – жеке кәсіпкер

Исаев Темірбек Беркімбайұлы – ата-ана

2. Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі үлгілік қағидаларға сәйкес бекітілсін.

3. Қамқоршылық кеңес жұмысын қадағалап, басшылық жасап ұйымдастыруды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Мейрманға міндеттеймін.

Таныстым: Т.Мейрман

Мектеп директоры м.а. Өтегенов А



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі «Баршақұм орта мектебінің» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің**

№4 хаттамасы

26 тамыз 2025ж

Қатысқан адам саны-17

Шақырылғандар саны- 5 (өзін- өзі бағалау комиссия мүшелері)

Баршақұм ауылы

Күн тәртібі

1. «Баршақұм орта мектебі» КММ директоры А.Е.Өтегеновтің мектепте өзін- өзі бағалау жұмысын жүргізі қорытындысы туралы есебін тыңдау.

Тыңдалды:

1. А.М.Мейрман – қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі , күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Баршақұм орта мектебінде 2025 жылдың 01 тамыз бен 25 тамыз аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін- өзі бағалау нәтижелерін таныстыру үшін мектеп директоры А. Е. Өтегеновке сөз берілді.

Сөйлеуші:

А. Е. Өтегенов- өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2- тарау 3- тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес А.Е. Өтегенов кезектен тыс өткізілген №4 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2025жылдың 01 тамыз – 25 тамызаралығы бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп, бекітіліп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына **«жақсы»** деген қорытынды берілді. Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі , біліктілік санаттары, мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарықтандырылуымыз, білім алушылар үшін жасалған жағдайлар , оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата- аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейін анықтау үшін педагогтардан онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4-9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына **«жақсы»** деген қорытынды берілді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қ. Тажибаев қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанып, «Мектепте педагог – зерттеуші, педагог- сарапшы» саны мектептің деңгейіне сәйкес келеді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.М. Мейрман өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жоқ екендігі атап өтті.

**Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып
ШЕШІМ ЕТТІ:**

1 Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «Жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрағасы:  А.М. Мейрман

Хатшы:  Ж.Б. Амантурлина

Кеңес мүшелері:  Қ. Тажибаев

 Т.Б.Исаев

 М. Жанболатов

**Қамқоршылық кеңесінің хаттама шешімі
«Баршақұм орта мектебі» КММ**

Баршақұм ауылы

Өткізілген уақыты: 06.06.2025ж сағат 11:00

Өткізілген орны: Баршақұм орта мектебі, информатика кабинеті

Қатысқандар ҚЖ құрамы, Т.Н. Ебжасаров дәлелді себептермен қатыса алмады.

Күн тәртібі:

Күн тәртібінде: Сауықтыру бағдарламасына сәйкес, оқу озаты, шығармашылық және оқуда жетістіктері бар оқушыларды «Кампит» балалар лагеріне жіберу туралы мәселені қарау.

Іріктеу критерийлері: оқу озаттары

Тыңдалды:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Т.М. Мейрман : Сауықтыру бағдарламасына сәйкес, «САМПИТ» балалар лагеріне мектебімізде білім алатын оқу озаты, шығармашылық пен ғылыми жоба бойынша жетістіктері бар 8-сыныптан Тилигенов Айсұлтан Нұрлыбайұлын ұсынып отырмыз. Себебі біздің мектебімізден 5-8 сыныптардың арасынан бір ғана оқушы бару керектігі айтылды. Айсұлтан 1 сыныптан бастап, күні бүгінге дейін оқу озаты, ғылыми жобадан аудан бойынша 2022 жылы I орын, 2023ж II орын иеленді, шығармашылық бойынша домбыра аспабы бойынша республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, оқуда жетістіктері бар оқушы. Отбасы жартылай жетім және көп балалы. Іріктеу критерийлеріне сәйкес болып отырғандықтан кеңес мүшелері өз кезектеріңізде дауыстарыңызды берсеңіздер.

1. Исаев Т.Б: айтылған ұсынысқа келісемін. Оқушылар іріктеу критерийлеріне сәйкес болып тұрса «САМПИТ» лагеріне барып демалып келулеріне қарсы емеспін.

2. Жанболатов М. Ж. Жазғы лагерьге Тилигенов Айсұлтан Нұрлыбайұлын ұсынып отыр екен, қарсылығым жоқ. Оқушының жағдайы критерийлерге сәйкес келіп тұр.

Қаулы:


Сауықтыру бағдарламасына сәйкес, «Кампит» балалар лагеріне мектебімізде білім алатын, оқу озаттары шығармашылық пен спорт саласы бойынша жетістіктері бар 8-сыныптан Тилигенов Айсұлтан Нұрлыбайұлы жіберілсін.

Кеңес төрағасы:  А. М. Мейрман


Мүшелері:

Тәжибаев Қайырғали 

Исаев Темірбек Беркімбаевұлы 

Жанболатов Мәмбетнияз Жанболатұлы 

Амантурлина Жанат Бітімбайқызы 

Дауылбаева Гулнур Кожажалиевна 

Хатшы:

 Т.М. Мейрман

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасына қосымша

№	Оқушының аты – жөні	ЖСН	Туған күні	Бағалау
1	Тилигенов Айсұлтан Нұрлыбайұлы	111007504861	07.10.2011	

Хаттама №1

Бүгін, яғни 07 қараша 2024 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен және жылдық жоспарымен таныстыру.
2. 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру.
3. Көп балалы отбасылар, жартылай жетім және сәтсіз отбасылар туралы мәліметтермен танысу

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Т.М. Мейрман хабарлама жасады. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен таныстырылды. 2024 жылға арналған жоспармен және кеңес мүшелерінің міндеттері туралы айтылды. Мектепте оқитын көп балалы отбасылар саны 13 және жартылай жетім 4 отбасының, сәтсіз 2 отбасының балалары оқитынын туралы мәлімет берілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Тажигаев Қ. (ардагер ұстаз)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Қамқоршылық кеңестің ролі жоғары. Мектепшілік көптеген шаралардың орындалуына үлес қоса алады. Қазіргі кезде қамқоршылық кеңес мектептің көптеген шеше алмай жүрген мәселелеріне араласып, оң шешім табуына ықпал етеді. Ауылымыз шағын, сондықтан мектептегі көп балалалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балаларының тұрмыстық жағдайын жақсы білеміз деп айтуға болады. Мектепте тұрмысы төмен оқушы жоқ. Кеңес мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді дұрыс атқара білу керек. жылдық жоспарға алып-қосарым жоқ.


2. **Қырдабаев М. Ж. (ата-ана, кәсіпкер)** – Мен де жоғарыда айтылып өткен пікірге қосыламын. Қамқоршылық кеңестің жоспары жан-жақты жасалған. Мектептің көркейуіне, оқушыларының білімді және тәрбиелі болуына ықпал жасалып жатыр. Биылғы оқу жылында мектебімізге жаңа спортзал пайдалануға берілді. Мектеппен үнемі тығыз байланыста болып, жұмыс жасаймыз деп сенім білдіруге болады.

3. **Амантурлина Ж. Б. (кітапханашы)** – қамқоршылық кеңес жоспары жан-жақты жасалған. Осы жоспардың жүзеге асырылуына атсалысуымыз керек. Мен осы мектеппен үнемі байланыстамын. Мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырған кезде мектеп мұғалімдерімен, оқушыларымен үнемі байланысып отырамын. Мектепте ата-аналармен жұмысы жақсарды деп айтуға болады. мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жасап жатыр. Балаларымыз белсенді, олай болса ата-ана мұғалімдермен бірлесіп одан әрі де жұмыс жасай беруі тиіс деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жоспары бекітілсін.
2. «Қамқоршылық кеңес» жұмыстары жан – жақты жоспарланып, мектеппен үнемі байланыста болу кеңес мүшелеріне міндеттелсін.
3. «Қамқоршылық кеңес» төрағасы болып, Мейрман Айтмырза сайлансын.

Жиналыс төрағасы:  А. М. Мейрман

Хатшы:  Ж. Б. Амантурлина